



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

3 **Комплаенс қызметі деген не?**

4 **Кісілік пен кішіліктің үлгісі**

5 **Ән өлемінің Әбілахаты**

6 **Жырларында туған жер тылсымы тұнған**

ПРЕЗИДЕНТ

ҚАЗАҚСТАН ИНТЕГРАЦИЯНЫ ДАМУҒА ШЫНАЙЫ МҮДДЕЛІ



ЖОГОРКУ ЕВРАЗИЯ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢЕШІНИН ЖҰЙЫНЫ
2022-жылдың 9-декабры, Бишкек ш.

ЗАСЕДАНИЕ ВЫСШЕГО ЕВРАЗИЙСКОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОВЕТА
9 декабря 2022 года, г.Бишкек

комитетінің төрағасы – Аткарушы хатшысы Сергей Лебедев, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Михаил Мясникович қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, қонақжайлық көрсеткені, отырысты жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін қырғыз тарапына және Садыр Жапаровтың жеке өзіне алғыс айтты.

Мемлекет басшысы ЕАЭО-ға мүше елдердің президенттері желтоқсан айындағы кездесулерде дәстүрлі түрде бірлескен жұмысты қорытындылап, алдағы кезеңде атқаратын міндеттерді айқындайтынын атап өтті.

– Біз бүгінде әлемдегі саудасаттықты айтарлықтай шектейтін түрлі тыйымдар, квоталар мен баж салықтары енгізіліп жатқанын көріп отырмыз. ЕАЭО аясындағы ынтымақтастығымыз жаһандық үрдістерден ерекшеленетіні келешекке сенім ұялатады. Сыртқы факторлардың қысымына қарамастан, Қазақстанның ЕАЭО-ға мүше елдермен тауар айналымы биыл қантар-қазан айларында 7 пайызға өсіп, 23 миллиард долларға жетті. Бірлескен ауқымды жобалар жүзеге асырылып жатыр. Өзара есеп айырысуда ұлттық валюталардың үлесі артып келеді. Бұл өзара іс-әрекеттердің деңгейі жоғары және интеграциялық серіктестігіміздің әлеуеті мол екенін анық көрсетеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бишкекте өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің (ЖЕЭК) кезекті отырысына қатысты.

Саммитке Қазақстан Президентімен қатар Қырғызстан Президенті – ЖЕЭК төрағасы Садыр Жапаров, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Ресей Президенті Владимир Путин, ЕАЭО жанындағы бақылаушы мемлекеттерден – Куба Президенті Мигель Диас-Канель, Өзбекстан Премьер-министрі Абдулла Арипов, ТМД Аткарушы

ЖОЛДАУ және ЖАУАПКЕРШІЛІК

КӨПТІҢ КӨКЕЙІНДЕГІ МӘСЕЛЕ – КӨЛІКТІ ТІРКЕУ

Көлік мәселесі халық үшін өзекті. Оған қатысты әрбір жаңалық қоғамда қызу талқыланады. Сондай хабардың бірі – бірнеше жылдық талқылаудан кейін ақыры елімізде жүрген шетелдік нөмірдегі көліктерді тіркеуге рұқсат берілді.

Сб Библиат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қыркүйектегі Жолдауында шетелдік көліктерді заңдастыруда утилизация және алғашқы тіркеу үшін төленетін қаржы көлемін 200-250 мың теңгеден асырмай, бәріне бірдей және бір реттік алым алуды айтқан еді. Президент тапсырмасын орындау үшін заңға өзгеріс енгізу қажет болған. Құжат жобасын өткен айда Сенат қабылдады. Жеңілдік жана жылдан бастап жұмыс істейді. Алайда тіркеу үшін қандай құжаттар қажет? Қай көліктерді тіркеуге болады? Ішкі істер органдарының мәліметіне сәйкес, заңдастыру аясына жататын көлік құралдарының нақты есебі жоқ.

Оларды заңдастыру туралы құжатты Мәжіліс те, Сенат та мақұлдады. Сенат депутаты Ғұмар Дүйсембаевтың айтуынша, 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін келген машиналарды заңдастыру үшін бірыңғай алымның белгіленуі 300 мыңға жуық көлікті тіркеуге мүмкіндік береді және жергілікті бюджетке түсетін көлік салығы артады. Заңды Парламент қабылдағанымен, тәртіптерін Үкімет, Ішкі істер министрлігі бекітеді. ҚР ПМ Әкімшілік полиция комитеті тиісті қаулы жобасын дайындады. Енді сол қаулыдан бүгінге дейін белгілі болған талаптарға тоқталсақ.

3-бет



ЖЫР КҮМБЕЗ

БАҒАСЫ БИІК БЕКЗАТ ӨНЕР



Н.Бекезанов атындағы қазақ академиялық-музыкалық драма театрында ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Ұлжан Байбосынова мен Сыр бойы жыршы-жырауларының «Жыр күмбезді» атты рухани тағалымды өнер кеші өтті. Жыр жәрмеңкесінде сонау Қорқыт бабамыздан бастау алып, Сыр сүлейлерінің сарынымен бүгінге жеткен дәстүрлі жыраулық өнердің жарқын үлгісі жан-жақты дәріптелді.

Сб Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Жыр кешінің шымылдығы Қорқыт ата жайлы бейнекөрініспен ашылды. Сайын далада қыл қобызын сарнатып, өмірлік өсиетін айтқан баба бейнесі, сондай-ақ, шырғұм ұйқыда жатып, түсінде Қорқыт бабаның батасын алған Базар

жыраудың бала кейпі көрініс берді. Ақ бата қабыл болып, бала Базар – Несер Айдосұлы жыраудың «Топка түстім толғанып» термесін орындап, көрермен қошеметіне бөленді. Осылайша жыр жәрмеңкесінде сүлейлер ізін жалғайтын

жас жыршының тұсауы кесілді. Өнер кешіне қатысқан облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов жыр дүлдүлдеріне ыстық ықыласын білдірді. – Сыр өлкесі – сонау Қорқыт абыз мұрасынан бастау алып, сүлейлер сарынына ұласқан, ғасырлар бойы сабағы үзілмеген дәстүр құндылығының қайнар бастауы. Шын мәнінде, ұлттық өнерге, оның ішінде жырға, жыраулар өнеріне халықтың сүйіспеншілігі ерекше. Өйткені жастарымыз осынау жыраудан бойына ата-бамыздың отансүйгіштік, батырлық қасиеті мен өсиетін жинап, рухани күш-қуат алады.

5-бет

БАСПАСӨЗ – 2023

Құрметті оқырман

2023 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде. Қапы қалмаңыз!

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы:
жекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге.
Мекемелер үшін: 6 айға – 4500 теңге.



ҚАЗАҚСТАН ИНТЕГРАЦИЯНЫ ДАМУЫҒА ШЫНАЙЫ МҮДДЕЛІ

Президенттің айтуынша, қазіргі геосаяси тұрақсыздық жағдайында ЕАЭО-ға мүше елдердің экономикалық байланыстарды сақтауы және нығайтуы, ортақ қағида мен мақсаттар аясында сауда-экономикалық қатынастарды дамыту үшін күш біріктіруі аса маңызды. Осыған орай Мемлекет басшысы бірқатар басым мәселені атап өтті.

Әлемдік инфляцияның елдеріміздің экономикасына кері әсерін азайту маңызды. Халықаралық ұйымдардың болжамдары көңіл көншітпейді. Халықаралық валюта қоры 2023 жылы әлемдік экономиканың өсіміне қатысты болжамды 2,7 пайызға дейін, Дүниежүзілік сауда ұйымы 1 пайызға дейін төмендетті. Осыған орай Еуразиялық экономикалық комиссияның дерегі бойынша, ЕАЭО-ға мүше елдердегі тұтыну бағасы өсіп келеді. Қазан айында Одақтағы инфляция деңгейі 11,5 пайызды құрады. Оның негізгі өсімі азық-түлік және азық-түлік емес тауарларға тиесілі. Мұның бәрі азаматтарымыздың сатып алу қабілеті мен әлеуметтік әл-ауқатына айтарлықтай әсер етеді. Белгілі санкциялық шектеулер ЕАЭО-ға мүше барлық мемлекеттің экономикасына қысым жасайтынын мойындау қажет. Сондықтан, біздің пікірімізше, елдеріміздің комиссиялары мен үкіметтері бұл мәселеге ерекше назар аударып, аталған санкциялық шектеулердің әсерін жеңілдету жолдарын ұсынуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент халықаралық экономикалық ынтымақтастықты дамыту мәселесін екінші басымдық ретінде атап өтті. Одақтың сыртқы сауда саласындағы мүддесі жылдан жылға кеңейіп келеді. Бұл – жақсы үрдіс. Қазақстан аталған бағытты қолдайды. Енді преференциялық келісімдер жасалған серіктестермен өзара іс-әрекеттің сапасын арттыруға назар аудару маңызды. Бұл жерде Вьетнам, Сербия және Иран туралы сөз болып отыр. Сондай-ақ Үндістан, Мысыр, Индонезия және Израильмен еркін сауда аймағы туралы келісімдерге қатысты жұмысты жеделдету маңызды. Аталған жұмысты бірлесе жалғастыратын жөн. Бұл жөнінде бірнеше рет айтып, Қазақстан Біріккен Араб Әмірліктерімен еркін сауда аймағы туралы келісім бойынша келіссөз басталғанын қолдайды. Бұл бастаманың келешегі зор әрі бүкіл «еуразиялық бестіктің» мүддесіне сай келеді деп санаймын. Енді осы процессті созулағанға салмау маңызды, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қазақстан Президенті ЕАЭО аумағы арқылы тауарлардың еркін тасымалдануын қамтамасыз ету мәселесіне де тоқталды. Оның айтуынша, интеграциялық серіктестіктің тиімділігі «төрт еркіндік» қағидатын сақтауға тікелей байланысты. Оның бірі – тауар қозғалысының еркіндігі.

Біздің ортақ кедендік аумағымыз арқылы өтетін қазақстандық және қазақстандық қана емес, басқа да жүктердің қозғалысын шек-

тейтін, квота енгізетін, кідіретін барлық жағдайды жою керек деп есептеймін. Мұндай шектеулер ЕАЭО аясындағы экономикалық ынтымақтастықтың сипатына да, мақсатына да сай келмейді. Ен бастысы, бұл экономикалық интеграцияның әлеуетін жүзеге асыруды шектейді. Жүк тасымалын қадағалау үшін навигациялық пломбыларды қолдану туралы келісімнің күшіне енуін жеделдету қажет деп санаймыз. Бұл шара цифрландырудың интеграциялық процестерге оң әсер ететініне жақсы мысал болар еді. Аталған келісімде қарастырылған мемлекеттік бақылау шараларын оңтайландыру Экономикалық одақтың кәсіпкерлік және көлік-транзиттік әлеуетін едәуір арттырады. Келісімді жедел ратификациялау осы мәселені шешуге ықпал етеді деп ойлаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент 2020 жылы Еуразиялық экономикалық интеграцияның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясы қабылданғанын еске салды. Бүгінде ЕАЭО-ға мүше елдер үкіметтері Комиссиямен бірлесіп, оны жүзеге асырып келеді. Мемлекет басшысының пікірінше, Стратегияны барлық мүше мемлекеттердің ұлттық мүддесін толық ескере отырып, кезең-кезеңімен жүзеге асыру – ең дұрыс тәсіл.

ЕАЭО-ны дамытудың жаңа стратегиясын дайындауға, әсіресе ұлттық үкіметтердің құқықтарын шектеуге қажеттілік жоқ деп санаймыз. Қолданыстағы үлкен Шарттың өзі де, Одақтың барлық құқығы да – өзара мәмілеге негізделген ұзақ жылдар бойы жүргізілген келіссөздер мен мұқият сәйкестендірілген ұстанымдардың нәтижесі. Шарттың институционалды және мазмұнды бөлігі барлық тараптың игі еркі мен экономикалық прагматизмін білдіре отырып, ұлттық және ұлтүсті құзіреттер арасындағы нәзік әрі тиімді тепе-теңдікті қамтамасыз етеді. Одаққа мүше елдер 8 жылдан астам уақыт бойы заманауи сын-қатерлерді бірге еңсеріп келеді. Бұл өзара қолдау мен ұлттық мүдделерді құрметтеудің арқасында мүмкін болды. Біз Еуразиялық экономикалық комиссияға, Еуразиялық сотқа, Еуразиялық даму банкіне жекелеген құқықтар бердік. Еуразиялық қайта сақтандыру ұйымын құрамыз. Осы уақыт аралығында біздің ұзақмерзімді ынтымақтастығымыздың кепілі – тараптар мүдделерінің тепе-теңдігі. Сондықтан ЕАЭО туралы шарттың институционалды негіздерін ұстануды жалғастыру маңызды, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан интеграцияны дамытуға шынайы мүдделі екенін атап өтті.

Қазақстан тарапынан интеграциялық процестерді тежеу туралы сөз болуы мүмкін емес. Қазақстан, керісінше, Одаққа мүше барлық мемлекеттің мүддесін, әрине, еліміздің ұлттық мүдделерін ескере отырып, ЕАЭО туралы шартқа толық сай келетін экономикалық интеграция процесін жетілдіру және оңтайландыру үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

Біздің халықтарымыз, әрине, Қазақстан халқы да, әсіресе, кәсіпкерлеріміз мұндай интеграцияның пайдасы мен нәтижесін көруге тиіс. Бізді белгілі бір бағыттардағы процестердің «кібіртіктеуі» алаңдатады. Атап айтқанда, Одақтың цифрлық күн тәртібі туралы сөз болып отыр. Қазақстан бұл бағытта айтарлықтай ілгеріледі. БҰҰ навигациялық пломбыларды қолдану туралы келісімнің күшіне енуін жеделдету қатарына кірміз. Қазақстанда мемлекеттік қызметтердің 90 пайыздан астамы электронды форматта көрсетіледі. IT технологиялар мен инновациялардың дамуы үшін заңнамалық негіздер жасалды. IT стартаптардың халықаралық технопаркі жұмыс істейді. Криптоиндустрия дамып, цифрлық теңге енгізіліп жатыр. Бұл тәжірибені интеграцияны дамытуға, жалпы еуразиялық ауқымдағы жобаларды жасауда пайдалануға болады деп есептеймін. Одақ ретінде біздің міндетіміз жаңа цифрлық технологиялар, крипто-эко-жүйелер және финтех саласында жетекші рөл атқару деп санаймын. Бұл міндетті орындауға болады. Оған қоса, Ресей, Беларусь, Армения бұл салаларда тарихи тұрғыдан айтарлықтай тәжірибеге ие. Одаққа мүше елдерді осы бағыттағы жұмысты күшейтуге шақырамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент еңбек миграциясы мәселесіне де ерекше назар аудару қажет деп есептейді. Оның пікірінше, қазіргі сын-қатерлер бұл саланың маңызды екенін айқындай түседі.

Бір орында тұрып қалмай, жаңа тәсілдерді ұсыну маңызды. Соның ішінде жұмыс іздеу, жұмысқа орналастыру рәсімдерін жеңілдету, еңбек мигранттары мен олардың отбасыларына әлеуметтік кепілдіктер беру ісіне жаңа тәсілдер керек. Азаматтар интеграциялық жобаның пайдасын толық сезінуі керек. Тағы бір сала – туризм. Бұл бағытта Одақтың әлеуеті зор, туризмнің барлық түрі бізге қолжетімді. Халықтар арасында интеграцияны ілгерілетуге жағдай жасайық. Комиссия үкіметтермен бірлесе отырып, осы салада маңызды әрі шынайы жобаларды әзірлей алады деп санаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, Еуразиялық экономикалық одақ елдері бірлескен күш-жігердің арқасында қазіргі сын-қатерлердің салдарын табысты жойып келе жатқанын айтты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің соңында елдеріміз тарапынан және Садыр Жапаровтың Қырғызстан тарапының табысты аяқталуымен құттықтады. Мемлекет басшысы келесі жылы бұл мәртебелі миссия Ресей тарапына өтетінін жеткізді. Оның пікірінше, Ресей тарапының табысты болатыны күмәнсіз. Қасым-Жомарт Тоқаев ірі экономика ретіндегі Ресей Федерациясының күш-жігері ЕАЭО-ның дамуына тың серпін беретініне сенім білдірді.

Жылы қорытындысы бойынша бірқатар құжат қабылданды.

ЖОҒАРҒЫ ПАЛАТА ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТІ САЙЛАУЫ

Мемлекет басшысы ұлықтау рәсімінде «Президент сайлауы биліктің барлық негізгі институтын дәйекті түрде жаңғырту үдерісін бастауға жол ашты. Сайлау ауқымды электоралды циклдің бастапқы кезеңі болды. Біз саяси жаңғыру үдерісін жоспарлы түрде жалғастырамыз. Бүгін мен «Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының сайлауын тағайындау туралы» Жарлыққа қол қоямын. Осылайша, жоғарғы палата депутаттарының кезекті сайлауы конституциялық реформаны нақты жүзеге асырудың жалғасы болмақ. Сайлау қорытындысы бойынша Сенаттың депутаттық корпусының бір бөлігі бәсекелестік және ашықтық қағидадағы негізінде жаңарады» деген еді. Сайлау қарсаңында облыстық сайлау комиссиясының хатшысы Аягөз Сырлыбаеваға бірнеше сауал қойдық.

– Қызылорда облысынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатына қанша депутат сайланады?

– ҚР Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №4 Жарлығымен ҚР Парламенті Сенатының депутаттары өкілеттіктерінің конституциялық мерзімінің 2023 жылы аяқталатынына байланысты Сенат депутаттарының кезекті сайлауы 2023 жылғы 14 қазанға тағайындалды. Республика бойынша 20 сенаторлық мандатқа, соның ішінде Қызылорда облысынан 2017 жылы сайланған Мұрат Бактиярұлының орнына, яғни бір орынға сайлау өткізіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Сенат Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының әрбір облысынан, республикалық маңызы бар қаласынан және астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі – алты жыл, депутаттардың жартысы үш жыл сайын қайта сайланады.

– Дауыс беруге кімдер қатысады?

– Дауыс беруге таңдаушылар – мәслихаттардың депутаттары қатысады. Қызылорда облысы бойынша 9 мәслихатта 149 депутат өкілеттік міндеттерін атқаруда, барлығы 152 мандат бар.

Сенат депутаттарын сайлау таңдаушылардың бірлескен отырысында жүргізіледі. Бірлескен отырыс өткізілетін жерде облыстық сайлау комиссиясы Сенат депутаттарын сайлау жөніндегі дауыс беру пунктін ұйымдастырып, таңдаушылар дауыс береді.

Егер бірлескен отырысқа тиісінше облыстың барлық мәслихаттарынан, өкіл болатын сайланған депутаттар санының елу процентінен астамы қатысса, сайлау өткізілген болып есептеледі.

– Сенат депутаты болу үшін қандай талаптар белгіленген?

– Қазақстан Республикасының азаматтығында тұратын және оның аумағында соңғы он жылда тұрақты тұрып жатқан адам Парламент депутаты бола алады. Отыз жасқа толған, жоғары білімі және кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар, тиісті облыстық, республикалық маңызы бар қаланың не астананың аумағында кемінде үш жыл тұрақты тұратын адам Сенат депутаты бола алады.

Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған азаматтарды сайлауға және сайлануға құқығы жоқ. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлық қылмыс пен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәсі бар сот мойындаған адам кандидат бола алмайды.

Сенат депутаттығына кандидаттарды мәслихаттар ұсына алады, сондай-ақ азаматтарға өзін-өзі ұсыну мүмкіндігі берілген.

Сенат депутаттығына кандидатты облыстың барлық мәслихаттарын білдіретін таңдаушылардың жалпы санының кемінде он пайызы, бірақ бір мәслихаттың таңдаушыларының жырмға бес пайызынан аспайтын дауысы қолдауға тиіс.

– Бүгінгі күнге сенаторлық мандатқа кандидат болуға ниет білдіргендер бар ма?

– Осы уақытқа дейін Парламент Сенатының депутаттығына 7 кандидат ұсынылды: Мұрат Жолкелдиевтің Тлеумбетов, Руслан Рустемов, Нұрғали Рахымшаулы Қордабай, Жорабек Ибрагимович Нұрымбетов, Жасулан Бактыөвич

Жарасбаев, Асылбек Өмірбекұлы Шаменов, Наурызбай Сейтқалиевич Байқадамов.

Өткен сайлау науқандарымен салыстырғанда, 2014 жылы 6 кандидат, 2017, 2020 жылдары 5 кандидаттан сенатор болуға ниет білдірген.

Ұсынылған 7 үміткер Конституция мен Қазақстан Республикасы сайлау заңнамасының талаптарына толық сай келеді.

Кандидаттардың барлығы өзін-өзі ұсыну құқығын пайдаланған, мәслихаттардан кандидат ұсынылған жоқ.

Кандидаттарды ұсыну мерзімі 2022 жылғы 14 желтоқсан күнгі сағат 18.00-де аяқталады.

– Ұсынылған кандидаттардың барлығы сайлау бюллетеніне енгізіле ме?

– Кандидаттар ұсынылғаннан кейін олардың ҚР Конституциясы мен сайлау заңнамасының талаптарына сәйкестігі тексеріледі. Содан соң, талапқа сәйкестігінің анықталуы бойынша кандидатты қолдап таңдаушылардың қолдары жиналады, толтырылған қол қою парақтары облыстық сайлау комиссиясына өткізіледі. Қол қою парақтарындағы қолдардың растығын тексеру нәтижесі туралы облыстық сайлау комиссиясының хаттамалық шешімі, сондай-ақ кандидаттың және оның зайыбының декларация тапсырғаны жөніндегі анықтамалары мен кандидаттың 900 000 теңге мөлшерінде сайлау жарнасын енгізгендігі туралы құжат кандидатты тіркеу үшін және оны сайлау бюллетеніне енгізу үшін негізге алынады.

Бүгінгі күнге облыстық сайлау комиссиясы 3 кандидатты тіркеді. Кандидаттарды тіркеу мерзімі ағымдағы жылдың 24 желтоқсанында жергілікті уақытпен сағат 18.00-де аяқталады.

Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұған дейін тіркеуден шығарылған кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді. 2023 жылғы 12 қазанға дейін депутаттыққа кандидаттық облыстық сайлау комиссиясына бұл туралы жазбаша өтініш бере отырып өз кандидатурасын алып тастаса немесе тіркелген кандидатқа қатысты тіркеудің күшін жою туралы шешім шыққан жағдайда оның тегі сайлау бюллетеніне енгізілмейді немесе сызылады.

– Сайлауда байқаушылар байқау жүргізеді ме?

– Дауыс беру күні дауыс беруге арналған сайлау үйі ашылған кезден бастап және таңдаушылардың дауыстарын санау кезінде дауыс беру нәтижелері анықталғанға дейін дауыс беру үйінде бір мезгілде әрбір кандидаттан сенім білдірілген бір-бір адамнан, қызметтік куәлігі мен редакцияның тапсырмасы болған кезде әрбір бұқаралық ақпарат құралынан бір-бір өкілден және Қазақстан Республикасының әрбір саяси партиясынан, өзге де қоғамдық бірлестігінен, басқа да коммерциялық емес ұйымдарынан бір-бір байқаушыдан және аудармашы бірге жүруге құқылы шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары қатысуға құқылы.

Кандидаттардың сенім білдірген адамдары облыстық сайлау комиссиясының тіркеп берген куәлігі мен жеке басын растайтын құжаты негізінде қатысады. Саяси партиялар, өзге де қоғамдық бірлестіктер, коммерциялық емес ұйымдары байқаушысының өкілеттіктері оның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіліп, жазбаша нысанда куәландырылуға тиіс. Бұл құжат байқаушыны жіберген ұйымның мөрмен расталады және ол байқаушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жарамды болады.

– Депутат болып сайлану үшін кандидат қанша дауыс жинауы қажет?

– Парламент Сенаты депутаттарын сайлау кезінде дауыс беруге қатысқан таңдаушылардың елу процентінен астамының дауысын алған кандидат сондай-ақ қайта дауыс беру өткізілген жағдайда басқа кандидатқа қарағанда дауыс беруге қатысқан таңдаушылардың дауыс санының көпшілігін алған кандидат сайланған болып есептеледі.

Дауыс беруге қатысқан таңдаушылардың кемінде 50 проценттен жоғары дауыстарын алған кандидат Қызылорда облысынан Сенат депутаты болып сайланған деп саналады.

– Дауыс берудің қорытындысы қанша жарияланады?

– Парламент Сенатының депутаттарын сайлау қорытындыларын Орталық сайлау комиссиясы анықтап, сайлау өткізілген күннен бастап он күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

Сұхбаттасқан
Гүлжазира ЖА.ІҒАСОВА

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАРЫ

Жорабек Ибрагимович Нұрымбетовті Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 14-бабы 5) тармақшасына, 73-бабына сәйкес 2022 жылғы 8 желтоқсанда Қызылорда облыстық сайлау комиссиясы өзін-өзі ұсынған, 1957 жылы туылған, қазақ, «Қызылорда сушар» өндірістік учаскесінің басшысы, «АМАНАТ» партиясының мүшесі, Қызылорда қаласында тұратын Жорабек Ибрагимович Нұрымбетовті Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеді.

Асылбек Өмірбекұлы Шаменовті Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 14-бабы 5) тармақшасына, 73-бабына сәйкес 2022 жылғы 8 желтоқсанда Қызылорда облыстық сайлау комиссиясы өзін-өзі ұсынған, 1978 жылы туылған, қазақ, Қызылорда қаласының әкімі, «АМАНАТ» партиясының мүшесі, Қызылорда қаласында тұратын Асылбек Өмірбекұлы Шаменовті Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеді.

«СЫР МЕДИЯ» ЖШС ҚР ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАРДЫҢ САЙЛАУАЛДЫ ҮГІТ-НАСИХАТ МАТЕРИАЛДАРЫН ОБЛЫСТЫҚ «СЫР БОЙЫ» ГАЗЕТІНЕ ОРНАЛАСТЫРУ БОЙЫНША ӨЗ ҚЫЗМЕТ ҚҰНЫН ҰСЫНАДЫ

Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, D2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 24 715 дана.
Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:

• бірінші бетте орналастыру – 500 теңге;
• ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге;
• ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.
Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4 А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: smjnamama@mail.ru

Тәңір сыйлаған азды-көпті жетпіс жастың жалынан ұстап, жан-дүниенімен қазыналы кезенді қарсы алып тұрып, артына қайырылып, өткен күннің өрнектерін ой елегінен өткізгенде аса қымбатты, ардақты ата-анам көз алдыма келеді. Аллаға шүкір, осыдан елу жыл бұрын ұядан ұшырған ардақтыларымыз ақ тілеуінің қабыл болғанын шығар, өрісіміз кеңейіп, қазақтың ашық

Ал шешем солдаттардың шинель тігетін қалың матасынан көдімгі шаруашылықтың қысқы киімі фужайка, қазақша пәйкеке тігетін. Есімде, бір өзі кішігірім фабрика сияқты аптасына 12 күн пәйкеке тігетін. Әуелі 12-сін де пішіп алады. Ертеніне мақта салып шығады. Инім екеуіміз мақтаны тегістеуге көмектесеміз. Мақта салып болған соң 3-4 күн сырпып тігеді. Сосын қалтасын салады,

ражай, мейірімге толы үнімен. От жаққанда қолыңа киіп ал деп брезент қолғап әкеп бергені де есімде. Пештен күлді алған сайын бетін осымен жауып отыр, сонда үйің ыс болмайды деп қап әкелді бір күні. Мұнымен қоса ұнтақ көмірдің үстіне бір күні су құйып кетеді, екінші күні қатырылған көмірді ірі-ірі тас күйінде пешке қолмен ұстап салатындай етіп дайындап қоятын. Біздің үйі болғанымызға қуанып, тіршілігіміз болып, айналайын, әкемізін жақсылығы естен кетер ме?!
Бес жылдан соң үйдегі қайынағам мен апаларымыз өз алдына үйлі болып, бөлек шықты да, екі үлкен кісімен және екі баламызбен жолдасым екеуіміз дала қалғандай күй кештік. Қысты күні бірде қар жауған күннің ертеніне таң алдында дыр-дыр етіп қар күреп жатқан дыбыс естілді. Айналамыздың бәрі ашық, терезеден қарау айда жоқ, бұл кім екен деп ойлаймын да қоям. Бір күні балам күрегің нығына салып кетіп бара жатқан нағашы бабын сыртынан көріп қалып, далаға ытқып шықтым. Сөйтсем ел ұйқыда жатқан ел-аңаңда ешкімге білдірмей, қар күреп жүрген өзімізді екен екен ғой.

Менің ардақшы ата-анам

аспандай бейбітсүйгіш әулетіміздің берекесі жүрегімізді қуанышқа толтырады. Ұрпақ қызықшылығына ұласқан арман-асарымыз бен үмітімізді үлкен келеміз.

Ағайын-туған, құда-жекжат, жақын-жуық, дос-жаран, әріптестер, балаларым мен немерелерім қауымын, құшақ-құшақ гүлімен мерейлі жаспен құттықтап жатқан осынау сәтте менің алыста қалған балалық арманымды жүрегіңде әлдилеген әке мен анам жайлы жазу үшін қолыма қалам алдым.

Бүгінгідей кит етсе ажырасамын деп қиғалық салатын әйелдер мен жатыпшыр жалқаулықтан алдына жан салмайтын керенуа жігіттерді көріп, кешегі әкем мен анамың «ту» деместен, қабақ шытпай, дауыс көтермей, бізді қандай бейнестен асырап-баққан оқиғалары оқыған жанды ойлағандарға деген аналық тілекпен, ұстаздық пейілмен ұсынып отырмын.

Әкем Сейдалы Маханбетұлы 1912 жылы қазіргі Сырдария ауданы Нағи Лиясов ауылында туған. Тегі Жаппастың Мойнақ деген руынан еді. Көп ағайынды екен, бірақ ағайын қарыған ашаршылық пен жұт жайлаған зобалаң жылдардың құрбаны болыпты. Тарихта атақты Құнанбаймен Меккеге барған Мырқы, Аппаз деген кісілердің тұқымынан қалған тұяқ 25 жасында анамды жолықтырыпты.

Анама – Гүлбаһрам Дүкенбайқызы (жұртшылық Баһар дейтін еді) 1919 жылы туған, Қызылқұмның қызы, Тағдар руынан еді. Ел іші ақтар мен қызылдар болып бөлінген, қуғын-сүргін жылдары бәйдің тұқымы деп қудаланып, анасы төрт қызмен Ташкент асып кетеді де, онда тұрай алмай, көп ұзамай, еліне қайта оралыпты. Жол азабын тартып, іш аурудан бір қызы өліп, арып-ашып елі ішіне іліккен екен. Сөйтіп аласапыран жылдары Алланың бұйрығымен әкемізді етегінен ұстапты. Анам көп сөйлемейтін, біртоға, байыпты, ісер адам еді.

Әкем өрт сөндіруші болып жұмыс істеді. Айлығы – 60 сом. Иш мен қант, май, т.б. күнделікті ішіп-жемнен артымайтын мардымсыз ақша бала-шағаны бағып-қағуға қайдан жетсін?! Анам мен әкеміз жыл екі он ай қол ұзбей айынасынан ісі, бүгінгі тілмен айтқанда шағын кәсібі болушы еді. Сол еңбексүйгіштігі болар, әкем жұмыс бабымен бір күн жұмыс істеп, екі-үш күн демалса да, жылдың қай мезгілінде болсын, қолы бос, қарап отырғанын ешқашан көрген емеспіз. Үй шаруасындағы анам үйдің қат-қабат тіршілігімен қоса әкем не істесе де жанынан табылушы еді, арасында біз де қолғабыс беретінбіз.

Әкем қырық жыл жаздығын қаланың Арай шағын ауданында қазіргі ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалды ескерткіштің айналасында бау-бақша егуген айналды. Ол кезде ашық жатқан жер еді, кейіннен саяхат қылып алды. Әкеміз ескен талдары әлі күнге дейін жайқалып тұр. Сол бақшада әкем қауын-қарбыз, қызанақ, қияр екті. Есекпен барып қайтады, кейінгі жылдары велосипедпен жүретін болды. Осылайша ерте көктемнен басталатын бақшалық қырықкөк дейін бел жазбай тер төгетін. Анам бақшаның өнімдерін жаңа базарға апарып сататын. Үйіміз Ғани Мұратбаев атындағы орта мектептің жанында, жаңа базарға жақын еді. Сөйтіп ата-анамыз жаз бойы еңбегінің өтеуіндегі тапқан табысына қырықкөк мектепке баратын киімдерімізді сатып алып беретін.

Жаз өтеді. Күздігүні қаріс ағайындардың бақшасында қалып қоятын майда пияздан екі қаптай жинап алатынбыз. Сосын оны есік алдына отырғызу үшін жерді дайындап, текшелен, түп-түзу етіп сызып шығатын. Әрбір 10-20 сантиметр сайын бір-бір жуадан тығып шығасындар деп бізге тапсыратын. Үйдегі кіші інім ол кезде әлі кішкентай, өзімен кейінгі менен төрт жас кішілігі бар інім екеуіміз айтқанындай етіп, пиязды отырғызып шығамыз. Тура бір апта өткенде келесі сызықтың бойына тағы да отырғызамыз. Осылайша бақшаның бәрін мүшпіазбен жауып тастайтын едік.

Қыпшың сүйретіп қис келеді. Қыстығүні залдын (зал дейтін қазіргідей зал емес, шағын бөлме болатын) екі терезесінде етішкінің белгісі ілініп тұратын. Әкем әйелдер мен ерлерге арнап, тапсырыспен етік, мәсі тігетін. Көбіне туысқандар тігіретін. Әйелдерге биік өкшелі, қызыл етік тігүші еді. Мұндайда інім екеуіміз сабақтан босап, үй тапсырмасын орындап болысымен әкемізді қадімгі қатқал жіпті бес-алты қабақ қылып, біріктіріп берген етік тігетін жіптерін қара сағызбен шыршықтаймыз.

түймесін қадайды. Мұндайда студент ағам да түймені ілетін жердің айналасын тігуге анама жәрдем беретін. Ініміз екеуіміз түймесін бабын сыртынан көріп қалып, далаға атам базарға апарып өткізетін.

Қыс бітеді. Қыспен бірге күннің де, етік тігудің де мезгілі аяқталады. Көктем шығады. Бақша етуге дайындық жұмыстары басталады. Жер-ана жарықтықтың жомарттығынан үміт күткен еңбек адамның жанкешті жұмысы басталады. Күздігүні жерге көміп, бетін жауып тастаған көк пиязымыз алдымыздан шығады. Анам оны есік алдынан жинап, жуып, үйге алып келеді де, інім екеуіміз әрбірін 12-ден бөліп, жіппен буамыз. Содан кейін анам қапқа салып, базарға апарып сататын.

Бұл еңбекпен қоса анамың үйде сүтті сиыры болды. Күнне 20 литр сүт беретін. Анам екі мезгіл сиыр сауатын. Көріш-көлем алдын ала жазылып қояды да, дайын болған кезде келіп алып кететін. Қораша 5-6 ешкі, 2-3 қой болды. Сыыр сауалса, анам ешкі сауатын. Ал әкем аптасына бір рет бір-екі қой сойып, жіліктеп, бөліп, көршілерге таратып беретін. Шамасы, айлыққа дейін қарызға беретін болу керек. Қөшесізде брыңғай өрт сөндірушілер тұратын. Қой сойған күні әкем, қазіргідей еттарқыш жоқ, етті балтамен майдалап беретін. Бәріміз отырып тұшпара түйетінбіз.

Үйдің айналасы тұнып тұрған жеміс ағаштары болатын. Анам жаздай тосап дайындайды. Әсіресе, шиеңіз тосабын көп етіп әзірлейтін. Мектептің қасында бес минуттай жерде тұрғандықтан, күнде үлкен үзілісте бір топ қыздарды үйге ертіп келетінін. Анам дастарқанын жайып, тосабы мен наным дайындап, кеселерге толтырып, шай құйып қоятын. Қабақ шытпайтын сондай алтын адам еді, жарықтық.

Ата-анамыздың жыл он екі ай жалғасқан осындай еңбегінің арқасында бәріміз де жоғары білім алдық. Анам он үш құрсақ көтерген. Бірінен соң бірі шегінеп, ата-анамның тілеуіне төрт бала өркен жайды. Мектепте өте жақсы оқыдық. Ағам – Өмірбек Сейдалыұлы Тапалов қазіргі Қорқыт ата атындағы университетте жоғары білім алды, ғылыммен айналысты, доцент болды, осы оқу орнында ұзақ жылдар жұмыс істеді. Зоология музейіндегі барлық дерлік жан-жануардың тұлбын жасаған облыстағы жалғыз таксидермист маман болды. Мен М.С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде білім алдым. Екі інім де медициналық жоғары білім алды. Асан Тапалов, Абзал Тапалов (42 жасында қайтыс болды) екеуі де тіс дәрігері болды. Асан – зейнеткер, оның ұлы Алматы – облысқа белгілі стоматолог-хирург. Бұл мамандықтың барлығы да асқан тәзімділік пен шыдамдылықты талап ететінін жұрт жақсы білсе керек. Мұндай қасиет бізге әке-шешемізден ген арқылы берілген десем артық айтқаным емес.

Үш ұлдың ішінде бұл өскен жалғыз қызы әрі еркесі едім. Мені барған жерінде тастай батып, судай сіңісін дегені болар, әкем жарықтық, мені үйге көп келтірмейтін. Тұрмысқа шыққан жылдары енемнің жасы 60-та еді және енемнің 80 жастағы анасы қолымызда болды. Бізден бөлек қайынағам отбасымен және екі қайынапам бір қауым ел болып, бәріміз бірге тұрдық.

Ол кезде медициналық училищеніде оқытушы болып жұмыс істеймін. Үш мезгіл самауырға шай қойып, қыстығүні екі контрамарка және қазыны пешке от жағу менің мойнымда болды. Химик болғасын от жақсы жану үшін оттегі жеткіліксіз болу керек екенін жақсы білсем де, бұрын-соңды мұндайды істемеген, күйеуге шыққанға дейін кітап оқуды ғана білген адамға бұл жұмыс қадімгідей ауыртыпшылық болды. Жасып ғой, түнде отынды үйге кіргізіп қоюды ұмытып кететін де, азадан ылғал болып тұратындықтан, от жағу деген үлкен машақат еді. Ол заманның көмірі де шаны бұрқыраған ұнтақ әрі бықсып жанбай тұрып алушы еді. Отынды майдалап бұтарау да оңай емес. Жолдасым Нұрлан жылу-электр стансасында кезекшілікпен жұмыс істейтін әрі жұмысы ауыр болатын.

Бір күні сексеуілді бұтарап жатқаныма бетіме тиіп кетті де, оны әкем көріп, маған жаны ашып, ешкімге білдірмей бір аптаға жетерлік етіп, отынды бұтарап келетін болды. Әкеміз бұлай істеп жүргенін біраз уақытқа дейін тіпті білген де жоқпын. «Бұдан былай істеме бұл үйдің тірлігің» деп қатты намыстанғанымыз білем. «Балам-ай, Нұрлан да менің бір балам ғой» делі сондай мамы-

ражай, мейірімге толы үнімен. От жаққанда қолыңа киіп ал деп брезент қолғап әкеп бергені де есімде. Пештен күлді алған сайын бетін осымен жауып отыр, сонда үйің ыс болмайды деп қап әкелді бір күні. Мұнымен қоса ұнтақ көмірдің үстіне бір күні су құйып кетеді, екінші күні қатырылған көмірді ірі-ірі тас күйінде пешке қолмен ұстап салатындай етіп дайындап қоятын. Біздің үйі болғанымызға қуанып, тіршілігіміз болып, айналайын, әкемізін жақсылығы естен кетер ме?!
Бес жылдан соң үйдегі қайынағам мен апаларымыз өз алдына үйлі болып, бөлек шықты да, екі үлкен кісімен және екі баламызбен жолдасым екеуіміз дала қалғандай күй кештік. Қысты күні бірде қар жауған күннің ертеніне таң алдында дыр-дыр етіп қар күреп жатқан дыбыс естілді. Айналамыздың бәрі ашық, терезеден қарау айда жоқ, бұл кім екен деп ойлаймын да қоям. Бір күні балам күрегің нығына салып кетіп бара жатқан нағашы бабын сыртынан көріп қалып, далаға ытқып шықтым. Сөйтсем ел ұйқыда жатқан ел-аңаңда ешкімге білдірмей, қар күреп жүрген өзімізді екен екен ғой.

Осы күні ойлаймын, әкеміздің бұл ісі маған ғана емес, үйдегі үлкен кісілер киналып қалғасын деген ізгі ниеттен туған екен ғой. Жастайынан жетім қалған әкем үйдегі әкеме анасындай құрметпен қарады әрі шешей деп атайын. Үлкен кісіге сыйластық пен күйбеу баласына деген қамқорлықтың үлгісін осылайша мен әкемнен көрдім.

Маған ғана емес, барлық баласына осылай әкелік құшағын айқара ашушы еді. Ашаршылық жылдары ата-анасынан, бауырларынан айырылып, түл жетім қалған әкемізді төрт құбыласындай төрт баласының үйі болғанын көріп, әрбіріне қызмет етіп жүруі жүрегің қуанышқа толтыратын, өмірдің бақытына балайтын берекелі кезеңі екен. Оны, әрине, өзіміз де үлкеніп, ата-ана болып, немерелер сүйгені анық сезініп жүрміз.

Бір күні моншадан шығып, мамама барып, шай ішейінші деп үйге келдім. Анам бір өзі екен. Екеуіміз әңгімелесіп отырғанымызда әкем кіріп келді. «Бұның өзінің үйі бар емес пе?! Әжелерімен бірге ішін шайды! Үйінде күтіп отырған адамдары бар. Сенің отырыңшы мынау, қызыңмен шай ішкенің мей болып...» деп анама келді. Өдетте жақтырмайтынның білем де, үйге әкем жоқта ғана аңа-санда келетінін. Көшеңні ана басында келе жатыр дегеннен әкеме көрінбей деп көршінің үйі арқылы шығып кетуші едім. Жас отаудың түтін түзу ұшынан бұл, тілсіздік тілеп, тіршілігіме болысып, басы артық әңгімеге үйір болмасын деп үйіме де келтірмеген жарықтық әкеміздің қақсылығын айтып тауыса алам ба?!
Әкем жарықтық, жерден жиырма тиян тапсам, жиырма сом шығынға кетеді деп отыратын. Мен осындай еңбексүйгіш, ешкімнің ала жібін аттамаған, адал жандардың қызы болғанымызды шын жүректен мақтан тұтып, Аллаға сансыз шүкіршілік айтатын.

Әкем жетпіс жасында жаман аурудан көз жұмды. Ауруханаға жақынғанымызбен, көп ұзамай өзі Алланың жазғанын көремін деп үйге шықты. Екі айдай нәр таптай, төсек тартып жатқанында тілін қолымаға келтіріп, шындықпен Алланың құзырына баруға бойұсынды. Нағашы әкеміздің келіні көңілін аулап, бір айдай жанында отырды. Арасында мен де үйге соғып тұратынмын. Бір күні барғаныма «Әнипа, мына әжең қаншама уақыт қасыма отыр, жақсы бір тауардан сатып әкеліп берші. Көйлек тіктіріп киісін» деді. «Маталар» деген сауда үйінен сол 80-жылдары сән болып жатқан кремплин матадан үш метр әкеліп бердім. Ертеніне әлгі же жарқыратып көйлек тіктіріп киіп келді үйге. Сонда әкеміз кісінің көңілін қараған, қуантуға асыққан ыстық ықыласы мен пейіліне тәнті болдым.

Дүниеден озарының алдында не істеу керектігін айтып, сүйегіне кіретін адамдарды тізімдеп, оларға беретін жағалы киімдерді түйіп-шекке түйдіріп, тіпті қай күні қандай мал соятынымызды, т.б. жөн-жоралғының бәрін түсіндірді. Жарық жалп етіп жиі сөніп қала беретін заман еді, шамның бәрін тазалатқызып, керосин құйдырып, күні бұрын дайындық жасағанымыз есімінен кетпейді. Ауруы жанына батса да айналасына сыр білдірмеген сүйегі асыл, менің қайыраң әкем! Рухың пейіште шалқысын!

Алып-ұшқан жастық шақ ақсар таудай әке болмысы мен бейнетке толы өтеусіз еңбегінің байыбына барғызған ба, мұның барлығын бүгін жетістің белесінде тұрып, тереніне бойлап отырмын. Көңіл құсын туған үйдің төріне қарай ұшырып, балаларының жүрегін қамқорлық пен махаббатқа толтырған әкеміз, мейірдан да ғазиз анамды ойлап отырмын. Қалам ұшында сөйлеткен аяулы ата-анам туралы толғанысым кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болса, мен шексіз бақыттымын.

Аллаға шүкір, Сейдалы әкеміз тараған ұрпақ бүгінде үбірлі-шүбірлі үлкен әулетке айналды. Ата-атамның жан-жағына жасаған жақсылығының өтеуіндегі өркен жайып, мәуелі бәйтеректей тамыр тартқан бауырларымыз мен балаларымыз – көзіміз бен көңіліміздің қуанышы.

Әнипа ТАПАЛОВА,
техника ғылымдарының кандидаты, профессор

Амангелді ағамызбен редакцияда таныстық. Облыстық басылымға түрлі тақырыпта мақала жазады. Әсіресе, тарихи тақырыптарда ой қозғайтын. Денсаулық мәселесіне де қалам тербеп тұратын еді. Негізгі мамандығы дәрігер екенін білгенде таңғалғанымыз да рас. Шұрайлы тілмен жазылған мақаласын тұшына оқымыз. Бұл қашанда киелі мен – ауылдан нәр салып, құтты қоныстың қадір-қасиетін сезініп өскен азаматтың әрбір мақаласын асықпай, толғанып жазғанынан болса керек-ті. Жастайынан қалам мен қағазды жанына жақын етіп, өмір жолының бастауында ақ халат пен қандауырды таңдауының себебі әріде жатыр.



Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

Кісілік пен кішіліктің үлгісі

Ол уақытта Аралдың ақ-жал толқыны жағаға соғып жататын. Теңіз төскейіндегі Бөген ауылында кіндік қаны тамған бала Амангелді құтты қоныстың қадірменді азаматы Нұғманның тұла бойы тұңғышы болатын. Әкесі бір-біріне топтағы зағип еді. Сондықтан отбасындағы үлкен жауапкершілік бала болса да Амангелдіге жүктелді. Белгі қаптастан ауыр жұмысқа жас-гілді. Тұрмыс жағдайы қиын отбасының ауыртылғанын арқалады. Ата-анасы мен өзінен кейінгі бауырларына қамқор болды. Қанша қиындық көрсе де сағы сынған жоқ.

Оқуға деген зеректігінің арқасында үнемі үздіктер қатарында еді. Ауылға келіп жататын мерзімді басылымдарда шыққан мақалаларға көз салып, өзі де қиялында туған ойларын қағаз бетіне түсіре бастады. Небәрі он бір жаста, бесінші сыныпта оқитын. Жазған дүниелері аудандық «Толқын», облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газеттерінде жарияланды. Сондай-ақ республикалық «Лениншіл жас» газеті мен «Ара» журналында да жарық көрді. Осылайша оның өмір жолы журналистика саласына бұрылып келе жатқан-ды.

Әкесінің зағиптығы жанына қатты бататын. «Өскенде дәрігер болып, әкеміздің көзін емдеп жазамын» деген мақсаты бар-ды. Сол арман оны 1973 жылы Ақтөбе қаласындағы мемлекеттік медицина институтына жетелеп алып келді. Мектеп бітіргенде Қазак мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне берілген жолдамадан бас тартуының сыры осында жатыр.

Өмір жолында талай науқастың дертіне дауа тауып, ағайынның алғысына бөленді. Бұл жөнінде әріптесі Жақсылық Сәрсенбайұлы өзінің естелігінде «Абзал азамат Амангелді Суханбериевпен 1980 жылдан бері таныспын. Облыстық ауруханада анестезиолог-реаниматолог дәрігер қызметін атқаратын едім. Ол Қазалы аудандық ауруханада анестезиолог мамандығы бойынша өндірістік тәжірибеден өтті. Сол уақыттан бастап етене танысып, жақын араласып кеттік. Сыйластығымыз үзілген жоқ. Алтын қолды дәрігер екеніне талай мәрте көзіміз жетті. Одан бөлек, журналистикаға жаны жақын, қаламы ұшқыр екенін талай мәрте дәлелдеді» деп ой толғайды.

Өзінің еңбек жолында еліміздің бірнеше өңірінде медициналық мекемелерде басылым қызмет атқарды. Қай жерде жүрсе де халықтың ортасында болды. Өлім мен өмірдің арасында жатқандарға жарық дүние қызығын сыйлады. Дерті жанына бағқан дүмікес жанға қарапайым жағдайда ота жасағанының өзі үлкен ерлік емес пе?

Оқиға былайша өрбіген екен. Ауылдың біріне барғанда өлім мен өмірдің ортасында жатқан науқасқа қараша үйде ота жасайды. Өдетте, мұндай жағдайда ота жасау қиынның қиыны. Оған үлкен жауапкершілік қажет. Қандауырдың ұшында адам тағдыры тұр. Соған қарамастан білікті дәрігер тәуекелге бел бұды. Отаны сәтті жасап шықты. Сол сәттегі елдің алғысын айтсаңызшы. «Атыңыз да амандықтың тілеуі екен. Бауы-

рымыз сырқатынан айықты деп ағынан жарылды жергілікті жұрт. Бұл әңгімені ағамыздың аузынан да естігеніміз бар.

Ақ желеңді мамандық иесі негізінен ауылдық жерде елге қызмет етті. Оның білімі, біліктілігі, тәжірибесі әрі қалардағы дәрігерлер тарапынан бағаланып жататын. Академик Камал Ормантаев туған топырақта талай жанның өміріне арашашы болып жүрген жас маманға ғылым жолына түсуге кеңес берді. Алайда отбасының жағдайы оған ешбір мұрша берген жоқ. Ізінен ерген бауырлары ол тұста әлі де ағаның қамқорлығына зәру еді. Одан қалды өз шаңырағындағы балалардың да болашағын ойлады. Алланың қолдауымен бауырлары да, балалары да жетілдірілді.

Өмір жолының басым бөлігі Қармақшы кеңшарында өтті. Ауылдық аурухана алғашқы жылдарда материалдық-техникалық базасы жөнінен кемшін түсіп жататын. Ал халыққа сапалы қызмет қажет. Шаруашылық басшысы И.Жұмағұлов емдеу орны жағдайының жақсаруына барынша қолдау көрсетті. Аурухана кешенді қызмет көрсету мекемесіне айналды. Ілгеріде кейбір науқастарды емдеуге мүмкіндік жоқ еді. Соның салдарынан елдегілер аударан немесе облыс орталығына сабылатын. Сол науқастарды жергілікті жерде емдеуге қол жетті. Тіпті қиырда жатқан шопандарға көшпелі медициналық қызмет жасау аясы да кеңейді. Білікті дәрігердің еңбегі елеусіз қалған жоқ. Оған «ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі» атағы берілді. Оны қадірлі азаматтың ұзақ жылдар бойы еселі еңбегінің бағасы деп түсінесек, артық емес.

Ағамыздың еңбек жолында кездескен мына бір оқиғаны айтайық. Қармақшы ауданының орталығы – Жосалы кентінде тұратын Марат есімді азаматтың қолына жара шыққан екен. Жанын шүберекке түйген ол емдеу орындарының есігін тоздырды. Дәрігерлердің көбісі қолын кеспесе болмайтынын айтады. Амангелді ағамыздың білікті дәрігер екенін естіп Қармақшы ауылына жол тарттады. Ол кісі ешқандай абыржытын жағдай жоқ екенін айтады. Қажетті

Зейнет демалысына шыққаннан кейін қоғамдық жұмыстарға бет бұрды. Туған топырағында шығыс үлгісіндегі мешіттің салынуына ұйытқы болды. Игілікті істің жүзеге асуына демеушілік көрсеткен Нұржан ишан ата атындағы қайырымдылық қорына жетекшілік етті. 2014 жылдан бастап ай сайын жарық көретін республикалық «Нұр Жан» журналын шығару ісін қолға алып, аталған басылымның бас редакторы қызметін атқарды.

Ұзақ жылғы еңбек жолы оның өнегелі өмірінің өзегі болды. Қашан да ізгілікті істің ұйытқысына айналды. Шығыс ғұламасы Жүсіп Баласағұн «Нағыз адамның белгісі – кісілік» деген екен. Ағамыз кісілік қасиетін келістіріп, шынайылықты асқақтатып өмір сүрді. Осындай абзал қасиеттердің арқасында ағайын арасында абырой биігінен көрінді.



Ән әлемінің Әбілағашы

Балғын балалық шақтан бастап, жас дәуреннің сағым жылдарын сағынып отыратын қария болғанша айта жүретін өн жазып кеткен қазақ композиторларының бірі және бірегейі Әбілағаш Еспаев екенін сәл кештеу білдік. Енді сол әндердің бірнешеуіне тоқтала кетейік.



– Кел, балалар ойнайық, Ойнайық та ойлайық, Қандай жұмбақ болса да, Шешпей оны қоймайық, – деп басталатын жеңіл ырғақты ән бар еді. Қазақ радиосынан берілетін балаларға арналған хабарлар осы әнмен басталатын. Әннің аты «Ойлан, тап!» болатын. Мектеп табалдырығынан аттап, бастауыш сыныптарда оқып жүргенімізде: – Батыр бала, батыр бала Болатбек, Батыр бала советтік жас пионер, – деп қосыла әндететінбіз. Бұл – «Батыр бала Болатбек» деген ән. Мектеп бітірер сәт жетіп, кеудемізді алтын ұямызға, аяулы ұстаздарымызға деген қимастық сезім билеген. Оны былайша білдірік: – Тұлғанды арманыма ұқсатқанмын, Үлгіңді көңіліме қыстатқанмын. Есімде әліппені жаттатқызып, Ең алғаш қолға қалам ұстатқаным.

Ұстазым менің ұстазым, Өзіңмен өткен кыс, жазым. Қалдырған ізің мәңгілік, Жадымда тұрар жаңғырып. Ұстаздарға мәңгілік ескерткіш қойып кеткен ән осылай басталатын. Сонан соң, арман қуып сан тарапқа тарап кеттік те, жылдар өте бір-бірімізді сағынып, іздей бастадық: – Достар, достар жүрсің қайда?

Бірде еді ғой жанымыз. Еске алысып осындайда, Кел, шырқайық бәріміз! Бәріміз де таптық бүгін, Бақыт жолын іздеген. Дост үміті – достық сезім, Әрқашанда бізбенен, – деп шарқ ұрғанбыз. «Қайдасыңдар, достарым?» әні сағынышқа жетелейтін. Жылдар өтіп жатты. Бір кездегі тулымшағы желбіреген көршінің қызы бой жетіп, қиялымызға қанат бітірсе: – ...Әлі есімде, әлі есімде сол бір кез.

Көз алдымнан кетпей қойды-ау мөддір көз, – деп қайырылатын керемет ән тоқтамай өте шыққан жас дәуренді еске түсіріп, көңіл толқытатын. – Бір күй бар домбырамда тартылмаған, Бір сыр бар көңілімде айтылмаған. Жан сәулем жарасатын жалғыз саған, Көзіңнен айналайын жалтылдаған...

Иә, мәтін қандай көркем болса, ән сазы да сондай көркем «Ақ сәуле» әні халық арасына лезде тарап үлгірген.

50-жылдардың аяғы мен 60-жылдардың басында, желі тартылып, үй-үйге радио құрылды. Сонау Алматыдағы «Қазақ радиосының» музыкалық хабарларынан осы әндерді тындап өстік. Ұнатқан болуымыз керек, сүйкімді саздар мен әсерлі әуендер көңілге қона кетіп, бірден үйреніп алатынбыз. Жарты ғасырдың ар жағында жазылған әндер әлі ұмытылған жоқ. Әсіресе, осы төрт ән. Сөз басында айтқандай, кезінде осынау өміршең әндердің авторы кім екенінде шаруамыз болмапты.

Әбілағаш Еспаев 1925 жылы 25 қарашада Қостанай қаласының маңындағы 2-ауылда Ыбырай Алтынсаринмен аталас Смағұл деген кісінің отбасында дүниеге келген. Қостанай-Торғай өңірінде басталған ашаршылықтың репрессияға жалғасатынын іштей сезді ме, әкесі Смағұл Әбілағаштың алты жасында еліміздің оңтүстік өңірінің Меркі ауданына қоныс аударады. Шыбық қаласы, орман болып жайқалатын Әулиеата жері Еспаевтар әулетінің тамырын тереңге жіберіп, бой түзеуіне мүмкіндік туғызған. Болашақ композитордың ең алғашқы «Туған ел» атты әні мектеп қабырғасында жүрген жылдары, яғни 17 жасында қазақ тілі мен әдебиет пәнінен сабақ беретін мұғалімі А.Сапақовтың өлеңіне жазылыпты. Әбілағаш ағамыз мектеп бітіре сала соғысқа аттанады. Днепр шайқасына қатысып, контузия алады. Осы кезеңге арнап ақын Сырбай Мәуленовтің «Днепр туралы жыр» атты өлеңіне ән жазған. Табиғатынан зерек, білімге құштар, ұқыпты да тәртіпті балаң жігітті КСРО Қорғаныс министрлігі Ресейдің Могилев қаласындағы жоғары әскери училищеге оқуға жібереді. Әбілағаш ағамыз училищені 1945 жылы үздік бітіріп шығады. Біраз уақыт Кавказ аймақтық әскери академиясында ұстаздық етеді. Кеңес одағының жас офицері ендігі жерде әскери баспалдақтармен, әскери тәртіппен шені өсе бермекші еді, бірақ, сауатты әке Смағұл жан дегенде жалғыз баласын елге қайтарып алуың жолдарын қарастырып, ақыры Сталинге хат жазады. Осының арқасында капитан шеніндегі Әбілағаш ағамыз елге оралады. Әуелі мектепте әскери дайындықтан сабақ береді. Сол мектепте жүргенде болашақ жары Назыммен танысып, шаңырақ көтереді. 1951 жылы Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтқа түседі. Көптен кеудесін кернеген әуез саздарын біртіндеп шығара бастайды. Бірде оларын композитор Латиф Хамидге апарып көрсетеді. Кісіпкой композитор Әбілағаш Еспаевқа: «Сен бәрін таста да, консерваторияға кел» деп кеңес берген. Мұның бойындағы талантты дөп басқан Латиф ағасының айтқаны орындалып, консерваториядағы белгілі музыкант, профессор Великанов жетекшілік ететін бөлімге қабылданады. Осы жылдары ел аузына кең тарап кеткен Зейнолла Қабдоловтың сөзіне жазылған «Жайық қызы», Нұтфолла Шөкеновтің сөзіне жазылған «Маржан қыз», Сырбай Мәуленовтің сөзіне жазылған «Жылқышы әні» туындыларының авторы болып үлгірген еді. Алатай тұрмыс тауқыметі Әбілағашты екінші күресті бітіргесін әрі қарай оқуын жалғастыруға мүмкіндік бермейді. Осы жайлы композитордың қызы Гүлсім Әбілағашқызы былай деп еске

алады: «Отбасында үйелмелі-сүйемелі 5 бала болдық. Оның үстіне әкемің ата-анасы қолында еді. Анам үй шаруасы мен бала күтімінен босамай, жұмыс істей алмады. Отбасын асырау жалғыз әкемің мойнына түсті. Алматы сияқты үлкен қалада өмір сүру оңай емес ғой. Бізді асырау керек. «Аяққа тұрып кеткенше, оқуды қоя тұруым керек» деген шешімге келген болуы керек, әкем оқуын тоқтатты...».

Еспаевқа тағдыр консерватория бітіруді жазбаған екен. Консерватория бітірмесе де, ол талай-талай тамаша, ғажайып әндер шығарды. Әндері Жамал Омарованың, Еркек Серкебаевтың, ағайынды Ришат пен Мүсілім Абдуллиндердің, Нұрғали Нүсіпжановтың, т.б. орындауында бүкіл қазақ еліне тарап жатты. Кейінірек Нұрғиса Тілендиев: «Әбілағаш Еспаев әннен тау тұрғызды. Ол – ұлы композитор» десе, Шәмші Қалдаяқов: «Ешқандай комментарийді қажет етпейтін, аты аңызға айналған тұлға» деп бағалапты. Жалпы, Әбілағаш Еспаев 240-қа тарта ән-романс жазыпты. Мұның бәрін бір мақалада тізбелеп айтып шығу мүмкін емес, бірақ қайсыбірін атай кетуді жөн көрдік: «Бейбітшілік сақталды» (сөзі Ізтай Мәмбетовтікі), «Маржан қыз», «Жайық қызы» (сөзі Зейнолла Қабдоловтыкі), «Аққуымы», «Ақ сәуле» (сөзі Қасым Аманжоловтыкі) «Қазақ частушқасы», (сөзі Мұзафар Әлімбаевтыкі) «Қыз қуу», «Қыз әзілі» (сөзі Қуандық Шанғытбаевтыкі), «Ұстазым», «Бейбітшілік сақталды» (сөзі Нұтфолла Шөкеновтікі), «Голкида Тобыл», (сөзі Серік Тұрғынбековтікі) «Сағыныш екен бала кез» (сөзі Оспанхан Әубәкіровтікі), «Қай-

дасыңдар, достарым?!» (сөзі Әнуарбек Дүйсенбиевтікі). Әбілағаш Еспаев ән жанрының көкжиегін кеңейтіп кетті. Бұл тұрғыда оның Абайдың өлеңіне жазылған «Өзеге көңілім тоярысың», «Мен сәлем жазамын» романстары әріптестері Мұқан Төлебаев, Сыдық Мұхамеджанов, Нұрғиса Тілендиев туындыларымен иық тіресіп тұр. Ал оның балалар музыкасына қосқан үлесі өзінше бір төбе. «Ойлан, тап!», «Құлыншақ», «Өртеке» әндерінің орны бөлек. Сонымен қатар Қасым Аманжоловтың «Досымның үйленуі», Садықбек Адамбековтың «Күн мен көлеңке», Иса Байзақовтың «Ақбөпе», Әбділдә Тәжібаевтың «Той болады» спектакльдеріне музыка жазған. 1973 жылы Бүкілодақтық ән байқауына Кеңес елінің (КСРО) әйгілі композиторлары қатысты. Сол байқауда Әбілағаш Еспаев Жамбыл ағамыздың өлеңіне жазылған «Одағым – бақыт ордасы» атты әнімен жүлделі екінші орынды жеңіп алып, Қазақстанның атын шығарды. Осы жерде композитордың қызы Гүлсімнің әкесі туралы айтқан тағы бір сөзін келтіре кетейік: «Әкем музыка жазып отырғанда толқып, ерекше күй кешетін. Әрі-беріден соң бөлмесінің есігін жауып алып, ән шығаруға алаңсыз берілуші еді. Біз ешқашан бөгет жасап көрмедік. Ал анам қолынан келгенше әкемің бар жағдайын жасайтын. Шәмші ағамыз үйге кіші келетін. Әкемінен бес жасы кіші ол «мен осы үйдің үлкен баласымын деп күліп отырушы еді. Әндерінің нотасын әкеме әкеліп көрсететін. Сонда әкем Шәмші ағамыз асқан дарындылығына риза болатын».

2019 жылы хабар арнасынан Әбілағаш Еспаевтың шығар-машылығына арналған «Сол бір кеш» атты ән кешін көріп тамашаласак, 2020 жылы Ғарифолла Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан филармониясының дәстүрлі әншісі Ақмарал Мырзаханқызы мен әнші-композитор, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Жаскелең Ғайсағалиевтің «Әбілағаштың әндері-ай» атты біріккен ән кешін берді. Кейінгі композитор Әбілағаш Еспаевтың туғанына 95 жыл толуына орай ұйымдастырылған екен. Абайдың «Өзеге көңілім тоярысың» әнін қазақтың қара домбырасын керемет менгерген Ақмарал аскақтата шырқады. Мақала басында 17 жастағы Әбілағаштың ең алғашқы жазғаны «Туған ел» атты ән екенін айтқанбыз. Ақмарал Мырзаханқызы бұл әнді де келтірсе орындап шықты. Ал Жаскелең Ғайсағалиев Еспаевтың «Сағыныш екен бала кез» әнін айтқанда сонау балалық шақ еске оралды. Екі музыкалық аспаптың біріктіре сүйемелдеуімен Ақмаралдың орындауындағы «Ақ сәуле» әні гармониялық үйлесім тапты. Ойдан ой туады. Бізде де Еспаев әндері насихатталса, әншілер байқауы, кештер, тағы сол сияқты тәрбиелік шаралар ұйымдастырылып жатса, артық етпес еді-ау. Әнде ұлттық нақыш пен ұлттық бояу болса, егер әннің өн бойы ғажайып саздармен өрнектелсе, егер мәтін мазмұнды, ұяқасымды болып келіп, жүрекке жылылық сыйлап, көңілді көтерсе, онда сөз жок ықылас артады. Мұның бір жағы – эстетикалық тәрбие. «Ән – көңілдің ажары» деп бекер айтылмаса керектігі... Біз сөз еткен Әбілағаш Еспаевтың әндері осы деңгейде ұмытылмастай болып, санада жатталып қалған. Оған бір ғана мысал, мақала басында тоқталып кеткен «Ұстазым» әні 1950-жылдардың аяғында шығып, оны алғаш рет Қазақстанның Халық артисі Жамал Омарова орындаған болатын. Содан бері қаншама жылдар өтті. Әнді қаншама әнші, қаншама оқушы-жастар, қаншама «әу» дейтін қалың жұрт айтып және айтып келеді. Бұл әннің әлі де ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, айтыла беретініне шүбә келтіре алмаймыз. Әбілағаш Еспаевтың ән әлеміндегі құдіреттілігінің өз де осында шығар.

Темірбек ЕСЖАНОВ,
Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Бағасы биік бекзат өнер

Өткен ғасырдың басында, 1925 жылы атақты Әміре Қашаубаев Франция елінде қазақ өнерін бүкіл әлемге паш етсе, жарты ғасыр уақыт өткенде Франция үкіметінің арнайы шақыртуымен Алмас Алматов өнер көрсетіп, ел абыройын тағы бір мәрте аскақтатты. Жалпы елімізде, аймағымызда мәдениет, өнер саласын дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Соның дәлелі, өткен жылы мәдениет саласында 3 ғимарат салынса, биыл 6 ғимарат пайдалануға берілді. Алдағы жылы 1 мың орындық «Өнер орталығы» бой көтереді. Осыған сәйкес облыс бюджетінен аталған салаға бағытталған қаржы көлемі де жыл сайын артып келеді. Сырдың талантты перзенті, дәстүрлі өнердің насихаттаушысы, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Франция әдебиеті мен өнерінің кавалері» орденінің иегері Ұлжан Байбосынованың бастамасымен ұйымдастырылған «Жыр күмбез» жыр жәрмеңкесінің денгейі жоғары. Ұлттық өнерді дамытудағы еңбектеріңіз әрдайым жемісті болсын, – деді Н.Сақтағанов. Дәстүрлі өнерде бағы жапылып, ұлт мұрасын әлемге танытып жүрген ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Ұлжан Байбосынова Базар жыраудың «Бастауын» орындап, «Жыр күмбездің» түндігін түрді. Ал ҚР Мәдениет қайраткері Айдос Рахметов жыр жәрмеңкесіне арнау айтты. Иә, бір ғана Сырдың бойы десек те, жыраулық өнерге келгенде, әр мектептің өзіндік ерекшелігі бар. Жыр-дастандарының құрлымы әралуан, мақам-сазы да бөлек. Нұртуған, Жиенбай, Нартай мектебі – әрқайсысы өз алдына тың дүние, тылсым әуез. Айдынды Арал, қазыналы

Қазалы топырағында Нұртуған, Нұрмағамбет, Жаңаберген, Жаппарберді, Дәрігүл, Енсебай, Көпжасар, Құлжан, Смағұл, Әбілхан, Кәрібоз, Жәмет, тағы да басқа жыраулар әлем өнердің мол мұрасын қалдырды. «Аралдың табанынан су кеткенмен, халқының жүрегінен жыр кеткен жоқ!» деп жырлаған Бекұзақ Тәңірбергеновтің осынау бір ауыз сөзі айдынды шалқар теңізінен айырылып, еңсесі түскен ел-халықтың рухын дүр сілкіндірді десек, артық айтқандық емес. Ақынның «Арал туралы толғанысын» Айбек Тәңірбергенов толғады. Сондай-ақ, «Жақсаңның жыр бастауын» Жәнбек Жаксан, «Нұртуғанның толғауын» Шолпан Биімбетова, Қарасақал Ерімбеттің «Сыр сүлейлері» толғауын Марат Сүгірбай сынды жырышлар нақышына келтіре орындады. Қармақшы өңіріндегі Сәрсенбай Бөртебайұлының жыр бұлағы күллі қазаққа ортақ рухани қазынаға айналды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Сәрсенбай жыраудың мақамы да өз тұсындағы жырауларға мүлдем ұқсайтын. Ол Сыр бойындағы белгілі ақындардың жыр-термелерін, толғау-хикаяларын көп ішінде насихаттай жүріп, өз туындыларын да кенінен таратқан. Дәстүрлі өнерде өз қолтаңбасы бар даңғайыр жыраудың жолын жалғасап келе жатқан ұрпағы Майра Сәрсенбаева «Сәрсенбай жыраудың термесін» төгілте жырлады. Сырдың төменгі ағысының бойында орналасқан қасиетті Қармақшы өңірі – ежелден жыраулық өнердің туын тіккен жер. Айталық, Қорқыт атадан бастау алған жыраулық дәстүр Шығыс шайырларының жазба әдебиет үлгісімен үндесе жалғасқан. Осы топырақта дүниеге



келген үш жүзге аты мәлім Жиенбай жыраудың орны ерек. Бүгінде Жиенбай жыраудың әйгілі «Көргұлы» дастанын орындау үрдісі, жырау мәнері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Күллі түркіге ортақ жыр-дастанды Жиенбай жыраудың немересі Бидас Рүстембеков және жыраудың шәкірттері Ұлжан Байбосынова мен Әйгерім Ешбаева орындап, «біріне-бірі ұласқан, бәйге атының шаңындай» керемет жырдың үлгісін көрсетті. Кешегі бүгінге, бүгінгі ертеңге аманат ету жолында ұстаздық етіп, жыр әлемінде өзіндік еңбекқорлығымен ел

ықыласына бөленген Ұлжан Байбосынова Сыр елінің жыраулық өнерін ел ішінде ғана емес, алыс-жақын шетелдерде насихаттап, ұлттық өнердің жарқын өкіліне айналды. Таяуда туған жерге оралып, ұстаздық жолын жалғасап Ұлжан Байбосынова өзінің Бисенбек Төлеубай, Зулфия Баймырза, Ғазиза Шаймаханова, Тоғжан Бақытова, Әлішер Мырзағалиев, Тұрар Айдос секілді бір топ шәкірттерімен бірге өнер көрсетті. Халқымыздың қанына сіңген жыр өнерінде таннан-танға жырлаған талай жыраулардың есімі қалған. Тұма бұлақтай

толғанысын тәлімді сөзбен суреттей білген сонау сүлейлер ізінде келе жатқан бүгінгінің жырауы Қасарбек Кәрібаев сахнаға көтеріліп, кешегі дәуір туынсын толғады. Сондай-ақ, Қуандық Бүрлібаев, Шамшат Төлепова сынды жыраулардың өнері бейнежазба арқылы көрсетілді. Ешніяз сал, Кете Жүсіп, Жиенбай мен Шораяқтың Омары, Тұрмағамбет ақынның, Үбісұлтан шежіресінің жыр термелерін Жаппар жырау өзінің қайталанбас мақамдарымен ел-жұртқа терең насихаттады. Ал ғасыр түкпірінен жеткен мақамдары бар Қуандық жыраудың жыр мұрасы әлем алдында жоғары баға алды. Оның Германия елінде өнер көрсетуі, қазақ даласының жыр мұрасында елеулі оқиға болып қалды. Ақындық пен жыраулықтың байрағын биіктетіп, артында мол мұра қалдырған бабаларымыздың бүгінгі жалғасы осы жолдан айнамай, ұлттық өнердің үлкен өнерін аскақтатып келеді. Жаппар жырау мен Қуандық жыраудың бүгінгі жалғасы Серік Жақсығұлов, Әділхан Қуанбаев «Тасбергеннің маңырамысы», К.Құлмырзаевтың термесін орындады. Есімі елге етене таныс Шамшат Төлепова жастайынан Шораяқтың Омары мен Тұрмағамбет шығармаларын бойына сіңіріп, Нартай мен Рүстембек жыраудан дәріс алып, өзі де талай шәкіртті шыңға шығарды. Бүгінде Шамшат жыраудың шәкірттері Ұлжан Байбосынова және Акерке Өтепбергенова даңғайыр өнерді өрге сүйреп келеді. Жиенбай жырау салған жыр мектебінің үздік өкілі, жыр жампозы Көшеней Рүстембековтің дауысы айрықша қуатты, жыры екпінді, мақамы мықты

болған деседі. Жыр киесін жалпақ өлемге жастайынан танытқан Көшенейдің таланты да, талабы да, сол кездегі қырағы тыңдарманның оң бағасын алған еді. Жыраудың жұлдыз ұлмырты ерте сөнгенімен, өмірінің де, өнерінің де жалғасы – ұлы Арнұр Көшеней мен немересі Байбол Нұрболұлы Көшеней жырын жана күнге жеткізді. Жыр жәрмеңкесінде өнер көрсеткен жыраудың ұрпақтары көңілі зерек көрермен қауымының ықыласына кенелді. Ұлттық өнердің насихатшысы, жанашыры әрі жыраулық өнердің зерттеушісі Берік Рахманұлы, ұлы Динар Рахманмен бірге жауһардай құнды, жасампаз жырдың тиегін ағытты. Шежірелі Шиелі топырағынан шыққан атақты әнші-балуан Иманжүсіп, Сыр сүлейі Бұдабай, ағайынды Мәсұр мен Нартай Бекежановтардың мол мұрасы күллі қазақ ұлтының ортақ құндылығына айналды. «Өздерің білер Нартаймын» деп, жырлаған Нартай Бекежановтың әуені қазақ өнеріне тағы бір мәрте бас идірген еді. Осы орайда Шиелі жыршылық мектебінің өкілдері – Ақмарал Ноғайбаева, Мұхаммедәлі Бекпейіс, Нұртілек Аққев, Тоғжан Өтенова сырнай сазымен сызылта шырқады. Аласапыран кезеңде өмір сүріп, ақырында ашаршылық құрбаны болған, Сыр бойының айтулы шайырларының бірі – Шәймен Дәрібаев. Сол замандың дүлдiлi, атақты ақын Бұдабайдан тәлім алып, Құлыншақ, Майлы, Құлдан ақындармен қатар ғұмыр кешкен Шәймен ақын дәуір мұның арқалап өтті. Жыр кеші Руслан Ахметовтың «Ақмешіт» фольклорлық ансамблінің сүйемелдеуімен орындаған Кете Шерниязовтың «Сөз сөйлейін бөлмедеп...» жырымен шымылдығын жапты.

«Болашақ» университетінде «Емірен, жүрек, ел, байрақ» атты рухани-патриоттық кеш өтті. Салтанатты шараға облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Мира Қазбекова, композитор, «Құрмет» орденінің иегері Рамазан Тайманов және 1986 жылғы тарихи оқиғаның куәгері болған желтоқсаншылар қатысты.

Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

Тарихи оқиға куәгерлерімен кездесу



Кеш желтоқсан оқиғасына қатысқан қазақ қыздарының ерлік рухына арналған ақын Исраил Сапарбаевтың сөзіне жазылған, композитор Рамазан Таймановтың «Қазақ қызы» атты әнінің желісінде өрбіген қойылыммен басталды. Мұнан соң желтоқсаншылар кезегімен сөз сөйлеп, егемендіктің оңай келмегенін, сол жолда халқымыз ауыр кезеңдерді басынан кешіргенін және ол қиындықтарды ешқашан ұмытуға болмайтынын тілге тиек етті.

Еліміздің өткені мен бүгінгісінің жолайрығындай болған 1986 жыл Желтоқсан оқиғасымен есте қалды. Ол кезде Алматы қаласында ҚазҰУ-да филология факультетінің 5-курс студенті едім. 17 желтоқсан күні жастардың алаңға жиналып жатқанын естіп, біз де бардық. Республика алаңындағы жастар «Елім-ай», «Менің Қазақстаным» әнін орындады. «Өр ұлтқа – өз көсемі» деп плакаттарға жазылды. Дінмұхамед Қонаевты алып тастап, орнына Колбинді қойды дегенді естіп, көптің бойын ашу-ыза кернеді. Оны көзбен көрдік. Енді біз бүгінгі тәуелсіздігіміздің бастауы болған сол бір тарихи сәтті жадымыздан шығармауға тиіспіз, – деді оқиға куәгері Шолпан Баймаханова.

Осылайша, сахнаға шыққан желтоқсаншылар жас буынға тәрбиелік мәні бар ұлағатты әңгімелерін айтып, болашақ үшін жастардың тарихын ұмытпауы тиіс екенін атап өтті. Сондай-ақ, шарада желтоқсаншыларға облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағановтың Алғыс хаты мен гүл шоқтары табысталып, құрмет көрсетілді.

Тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ. КСРО елдері ішінде бірінші болып қазақ елі бас көтерді. Жастар Қазақстанда қазақ басы болу керек деген оймен әділетсіздіктерге қарсы тұрды. Сіздер сол азаматтардың арасында болдыңыздар. Бұған ешкімнің күмәні жоқ. Бұл тәуелсіздік туын желбіретуге серпін берген оқиға еді. Сіздерге алғысымыз шексіз, – деді рухани кешті ұйымдастырған облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы Райкүл Байназарова.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда қаласы әкімдігінің 30.11.2022 жылғы №1367 қаулысына сай «Қызылорда су жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнынан бөліп шығару жолымен шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда тазалығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта ұйымдастырылуына байланысты барлық талап-тілектер «Қызылорда тазалығы» КМК-да, мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Н.Тілендиев көшесі 9 үйде қабылданады. Байланыс тел.: 22-38-71.

ПОЭЗИЯ

Жырларыңда туған жер тылсымы тұнған

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі ақын, қарымды қаламгер Махмұтбай Әміреұлының 80 жасқа толуына орай Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада «Жылдар, жырлар» тақырыбында поэтикалық кездесу кеші өтті.

Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Кітапхана басшысы Нұрлыбек Мыңжас ақын шығармашылығы туралы ой-толғамын айта келіп, сонау 1976 жылдан бері жарық көрген 30-ға жуық кітабы оқырман қауымға етене таныс екенін атап өтті. Сондай-ақ, кездесу аясында дайындалған кітап көрмесінде ақын Махмұтбай Әміреұлының әр жылдары баспадан шыққан жыр жинақтары және мерзімді басылым беттерінде жарияланған көлемді де көрнекті макалалары қойылған. Енді бір сәт бейнежазба желісіндегі естелік суреттер, сұхбаттар, ақын шығармашылығы жайлы айтылған пікірлер қатысушылар назарына ұсынылды. Ақынның сөзіне жазылған композитор Т.Қалауовтың «Қызылорда вальсі» әні жарты ғасырдан астам уақыт тыңдаушыларының жүрегін тербеп келеді. Кеште осы әнге кезек беріліп, жас толқын оқырман тамаша әннің тарихын жадына түйіп, авторға құрмет көрсетті.

Кеште Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері, Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің, Т.Рыскулов атындағы №222 және Ж.Нұрсейітов



атындағы №233 орта мектептердің оқушылары ақынның түрлі тақырыптағы шығармаларын жатқа оқып, табиғат әуенін, туған жер қасиетін, жалпы өмір құндылығын дәріптейтін өлең шумақтарынан өнеге алды.

Поэтикалық кеште мерейтой иесі Махмұтбай Әміреұлы поэзияны түсінуге талпынған жас оқырмандарға жүрекжарды лебізін білдіріп, кешті ұйымдастырушыларға және қатысушыларға алғысын айтты.

Бұл кешке әдебиетті, жырды сүйетін қауым жиналып отыр деп ойлаймын. Жалпы шығармашылық деген дүние адам жанын адалдыққа, тазалыққа тәрбиелейді. Сондықтан көркем әдебиетті көбірек оқып, жан дүниені байытуға барынша көңіл бөлген жөн. Мысалы, маған ақындық дарын анамның бойындағы қасиет арқылы берілді деп ойлаймын. Өйткені анам атақты шайыр Тұрмағамбет Ізтілеуұлының ата-

лас қарындасы еді. Жасынан зерек болған анамызды Тұрмағамбет ақын қасынан қалдырмай ертіп жүрген екен. Сондықтан анам ақынның бар өлеңін жатқа білетін. Үйде дүірмен тартып, кілем тоқып отырып сол өлеңдерді айтып жүретін. Иә, сөйтіп алғашқы шумақтарымды 2-сыныпта оқып жүргенде жазғанмын. Майшамның түбінде отырып жазған алғашқы өлеңдерім «Қазақстан пионері» газетіне, «Пионер» журналына шығып тұрды. Осы журналдың бөлім меңгерушісі, кейін редакторы болған ақын Т.Молдағалиевті сол кезден тани бастадым. Ал 9-сыныпта оқып жүргенімде «Бұлақ» деген өлеңім «Лениншіл жас» газетіне шығып, мерейімді бір көтеріп тастаған еді. Осыдан кейін өлеңге салмақты қарап, А.Токмағанбетов, Ә.Тәжібаев, Қ.Аманжолов шығармаларын оқып, ақындыққа алаңсыз бет бұрдым, – дейді мерейтой иесі.

Махмұтбай Әміреұлы – Жалағаш ауданы Мақпалкөл ауылының ту-

масы. Осы топырақта дүниеге келген Әбілда Жүргенбаев, Қомшабай Сүйеніш, Темірше Сарыбай сынды бір шоғыр талантты ақындардың шығармашылығы қазақ әдебиетінің қазынасына өзіндік үлесін қосты. Бүгінде 80 жастың төріне шыққан ақынның «Жүзім бағы», «Қызыл жыңғыл», «Ақ сәуле», «Сыр әндері», «Сыр жырлары», «Жылдар, жырлар» атты 30-дан астам жыр жинағы халықпен қауышып, қалың оқырманнан лайықты бағасын алды. Айта кетейік, ақын туындыларының арқауы – туған жер, Отан – Ана тақырыбы. Сондай-ақ, жүздеген әнге сөз жазған. Журналистика саласында қызмет етіп, «Сыр мектебі» газеті арқылы өмір ұстаздарының еңбегін үздіксіз насихаттап келеді. «Еңбектегі ерлігі үшін» медалінің иегері, Қызылорда қаласының, Сырдария ауданының құрметті азаматы. Бір сөзбен айтқанда, қалам иесінің аймақ руханиятын дамытудағы еңбегі еселі.

ФОРУМ

«Мен жастарға сенемін». Мағжан ақынның осынау лебізі әлі күнге мән-мағынасын жойған жоқ. Мұны Қазалы ауданында «Болашаққа үміт – жастарға сенім» атты тақырыбында өткізілген форумы тағы бір дәлелдеді.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы»

Болашаққа үміт – жастарға сенім



Аудан орталығындағы «RR» салтанат сарайында өткен шарада қазалылық жастардың қол жеткізген жетістіктері мен жоғары көрсеткіштері кең көлемде сараланды. Шара барысында қоғамдық өмірге белсене араласқан жастар мен таланттарға қолдау көрсеткен жанышарлары марапатталды. Форумға Қызылорда қаласы және көршілес Арал ауданының жастары, республикалық Гани Мұратбаев атындағы жастар сыйлығының иегерлері шақырылғанын айта кеткен жөн.

Басқосуда Қазалы ауданы әкімі Мұхтар Оразбаев құттықтау сөз сөйлеп, аудан жастарының бағындырған белестеріне ерекше тоқталды. Келесі кезекте аудан әкімі жастарға қолдау көрсетіп жүрген облыстық мәслихат депутаты Ібайдулла Тілеп, «Агро Өркен» ЖШС директоры Меуеу Есқожаев, «Сауаптан құр қалмайық» қоғамдық қорының директоры Мақсұт Қарымсақов, жеке кәсіпкер Әділет Қарымсаққа «Жастар жанышары» номинациясын табыстап, құрмет көрсетті.

Сондай-ақ, жастарды «Жыл тандауы» номинациясымен марапаттады.

Аудан әкімінің қолынан марапат алғандардың қатарында бокстан Азия чемпионатының күміс жүлдегері Гүлсая Ержан, қайырымды жас Жангелді Аяғанов, математика пәнінің мұғалімі Құдайберген Төлепбергенов бар.

Салтанатты шарада облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Талғат Тілес құттықтау сөз сөйлеп, қазалылық жалынды жастарды марапаттады.

Аудандық форумда жергілікті өнерпаздармен қатар, жастардың арасында танымал әншілер, жерлестеріміз Ринат пен Асылжан Шамшырақ өнер көрсетіп, жиналғандарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Форумға қатысушылар республикалық «Жайдарман» ойындарының чемпионы, «Арал-ас» КВН командасының белді мүшесі Ақылбек Іскендіровтің өнеріне ризашылық танытты.

Аудандық жастар форумы одан әрі көңілді би кешіне ұласты.

Қазалы ауданы

Тұрғын үйдегі өрттің алдын алу

Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері жыл сайын жылу беру маусымына дайындық кезеңінде адам өмірі мен денсаулығын, мүлкікті және қоршаған ортаны өрттен қорғау бойынша түрлі іс-шаралар жүргізеді. Соған қарамастан бивылғы жылдың 11 айында облыс аумағында 419 өрт оқиғасы тіркеліп, салдарынан 6 адам қаза болды, 5 адам жарақат алып, 191 млн 655 мың 260 теңге материалдық шығын келді.

Бивылғы жылу беру маусымы басталғалы тұрғын үй секторларында 49 өрт оқиғасы тіркеліп, өрт салдарынан 3 адам қаза болып, 1 адам жарақат алды. Тағы 1 адам көмірқышқыл газымен уланып, 3 млн 580 мың теңге материалдық шығын келді.

Өрт оқиғаларының алдын алу мақсатында осы жылғы 19 қыркүйек күні «Өрт қауіпсіздігі сенбілігін өткізу туралы» департамент бастығының №124 бұйрығы бекітіліп, облыс бойынша тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздігін сақтау шаралары бойынша профилактикалық іс-шаралар жүргізілуде.

Жылу беру маусымы қарсаңында 152635 тұрғынды қамти отырып, 38795 тұрғын үй секторын аралап, тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі талаптары бойынша үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Тұрғындарға электр және газ баλλον жабыдықтарын, пешті және газ пештерін орнату, қолдану барысындағы өрт қауіпсіздігі талаптары туралы түсіндірілуде.

Негізінен тұрғын үйдегі өрт оқиғалары орын алуының басты себептерінің бірі – жылыту пештерінің ереже талаптарына сәйкес орналаспауынан және дұрыс қадағаланбауынан. Негізінен талап бойынша пештің

мұржалары 3 айда бір рет тазартылып отыруы қажет. Пештің түтін өтетін жолдары үйдің негізгі құрылысынан дербес орналастырылуы қажет. Жылыту пешінің алдында еденге көлемі 50x70 сантиметр қаныштыр қағылады. Жылыту пешін еденнің бетіне орнатуға болмайды.

Уақытша қолдан жасалған темір пеш орнатқан жағдайда, оның аяқтарының биіктігі 0,2 метрден кем болмауы тиіс, еденнің бетіне біркөлемді секек өріліп, батпақпен сыланып, темір пеш орнатылады. Ағаш конструкцияларынан және ағаш жиһаздардан 1 метр, беті сыланған қабырғалардан 0,7 метр қашықта орнатылуы тиіс. Пешті арнайы маман кісілерге салдырған жөн. Қыстың күні пештің тартпай қалуы немесе айналасынан түтін (от) шығуын болдырмау үшін өрт қауіпсіздігі талаптарына сай етіп салу қажет. Пеш дұрыс жанабаған немесе айналасынан жалын шашқан жағдайда тездетіп арнайы маманға тексерілетін дұрыс.

Құрметті тұрғындар, өрт қауіпсіздігіне салғырт қарамайық!

Асхат ОРАЗБЕКОВ, Қызылорда облысы ТЖД мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы

КӘСІПКЕРЛЕР НАЗАРЫНА!

2022 жылдың 1-15 желтоқсан аралығында кәсіпкерлерден «әлеуметтік кәсіпкерлік» мәртебесін алу жөнінде құжаттар қабылданады.

«Әлеуметтік кәсіпкерлік» мәртебесін 4 (төрт) санатта айқындалған халықтың әлеуметтік осал топтарының адамдарын жұмыспен қамтуға ықпал ететін және халықтың әлеуметтік осал топтарының азаматтарына арналған тауарлар өндіру, жұмыстар орындау, қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері ала алады.

4 (төрт) санаттың бірінің параметрлеріне сәйкес келген жағдайда, кәсіпкерлік субъектілері әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу үшін Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына өтінім бере алады.

Қосымша ақпарат алу үшін Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына жүгінуге болады.

Байланыс телефоны: 8 /7242/ 60 54 07

Өтініш нысанын және әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларын кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының сайтынан жүктеуге болады.